



**Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның
баяндамалар жинағы
"ХАЛЫҚ ӨМІРІНІҢ ЖОҒАРЫ САПАСЫН ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ
ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДЕГІ МЕМЛЕКЕТТІК
АУДИТ"**

**Сборник докладов Международной научно-практической
конференции
«ГОСУДАРСТВЕННЫЙ АУДИТ В ОБЕСПЕЧЕНИИ ВЫСОКОГО
КАЧЕСТВА ЖИЗНИ НАСЕЛЕНИЯ И НАЦИОНАЛЬНОЙ
БЕЗОПАСНОСТИ»**

**Collection of reports of the International Scientific and Practical
Conference
"STATE AUDIT IN ENSURING HIGH QUALITY OF LIFE OF THE
POPULATION AND NATIONAL SECURITY"**

8 апреля 2022 года

УДК 336.1
ББК 65.052а73
С 23

Г Сборник докладов международной научно- практической конференции «Государственный аудит в обеспечении высокого качества жизни населения и национальной безопасности» = Collection of reports of the International Scientific and Practical Conference "State audit in ensuring high quality of life of the population and national security"= Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның баяндамалар жинағы "Халық өмірінің жоғары сапасын және ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі мемлекеттік аудит". – Нұр-Сұлтан: - 277 б.

ISBN 978-601-337-664-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және профессор-оқытушылар құрамының халық өмірінің жоғары сапасын және ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жағдайындағы мемлекеттік аудиттің өзекті мәселелері бойынша баяндамалары кірді

The collection includes reports of students, undergraduates, doctoral students and teaching staff on topical issues of state audit in conditions of ensuring a high quality of life of the population and national security

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и профессорско-преподавательского состава по актуальным вопросам государственного аудита в условиях обеспечения высокого качества жизни населения и национальной безопасности

ISBN 978-601-337-664-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2022

ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ КОМИТЕТІНІҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК АУДИТІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТӘЖІРИБЕСІ

Алибекова Б.А.

«Мемлекеттік аудит» кафедрасының профессор м.а., э.ғ.к., доцент
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қаласы,
Қазақстан Республикасы

E-mail: alibekova_ba@enu.kz

Хамзина А.Ж.

«Мемлекеттік аудит» БББ 4 курс студенті, Л.Н.Гумилев атындағы
Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қаласы,
Қазақстан Республикасы

E-mail: anelhamzina01@gmail.com

Аңдатпа. Бұл мақалада Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігінің Ішкі мемлекеттік аудит комитетімен қаржылық есептілік аудитін жүргізу тәжірибесі зерделенген. Мақалада Комитет жүргізген аудиторлық іс-шаралар көлеміндегі қаржылық есептілік аудитінің орны анықталып, аудиттелетін органдар қандай негізде таңдалғаны айтылды. 2018-2020 жж жүргізілген қаржылық есептілік аудитінің нәтижелері зерттеліп, жол берілген бұзушылықтардың себебі анықталды. Анықталған бұзушылықтарды жоюда Комитетпен қаржылық бақылауды жүзеге асыру жолдардың қолданылуы талданды. Сонымен қатар, қаржылық бұзушылықтардың бюджет жүйесінің принциптері бойынша қағидаларын бұзуылуы зерттелді. Нәтижесінде мақалада ҚР ҚМ ІМАК қаржылық есептілік аудиті бойынша қандай нақты шаралар қолданғаны қаралды. Зерттеу нәтижелері бойынша оның ерекшелігін ескере отырып, электронды аудитке бағытталған қаржылық есептілік аудитінің жүйесін енгізу - қаржылық есептілік аудитін дамытудың негізгі бағыттарының бірі екені анықталды.

Түйінді сөздер: Ішкі мемлекеттік аудит комитеті, мемлекеттік аудит, мемлекеттік аудит типтері, мемлекеттік қаржылық есептілік аудиті, қаржылық бақылау, қаржылық бұзушылықтар

ОПЫТ РЕАЛИЗАЦИИ АУДИТА ФИНАНСОВОЙ ОТЧЕТНОСТИ КОМИТЕТОМ ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА

Аннотация. В данной статье изучен опыт проведения аудита финансовой отчетности Комитетом внутреннего государственного аудита Министерства финансов Республики Казахстан. В статье определено место аудита финансовой отчетности в составе аудиторских мероприятий, проведенных

Комитетом, а также на каком основании были выбраны аудируемые объекты. Исследованы результаты проведенного аудита финансовой отчетности за 2018-2020 гг., выявлены причины допущенных нарушений. Проанализировано применение способов осуществления финансового контроля в устранении выявленных нарушений. Кроме того, исследованы финансовые нарушения по принципам бюджетной системы и рассмотрены, какие конкретные меры по аудиту финансовой отчетности были приняты КВГА МФ РК. По результатам исследования установлено, что одним из основных направлений развития аудита финансовой отчетности, с учетом ее специфики, является внедрение электронного аудита отчетности.

Ключевые слова: Комитет внутреннего государственного аудита, государственный аудит, типы государственного аудита, государственный аудит финансовой отчетности, финансовый контроль, финансовые нарушения

PRACTICE OF CONDUCTING AN AUDIT OF FINANCIAL STATEMENTS OF THE INTERNAL STATE AUDIT COMMITTEE

Abstract. This article examines the experience of conducting an audit of financial statements by the Internal State Audit Committee of the Ministry of Finance of the Republic of Kazakhstan. The article defines the place of the audit of financial statements in the scope of audit activities carried out by the Committee, and on what basis the audited bodies were selected. The results of the audit of the financial statements for 2018-2020 were investigated, the reasons for the violations were revealed. Analyzed the application of the Committee's methods of financial control in the elimination of the identified violations. In addition, the violation of the rules of financial violations according to the principles of the budget system was investigated. As a result, the article considers what specific measures for the audit of financial statements were taken by the Internal State Audit Committee of the Ministry of Finance of the Republic of Kazakhstan. According to the results of the study, it was found that the implementation of the system of audit of financial statements focused on electronic audit, taking into account its specificity, is one of the main directions of development of the audit of financial statements.

Keywords: Internal state audit committee, state audit, types of state audit, state audit of financial statements, financial control, financial violations

Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит комитеті (ҚР ҚМ ІМАК) жүзеге асыратын қаржылық есептілік аудиті қаржылық есептіліктегі бұрмалаушылықтарды уақтылы жоюға және болдырмауға бағытталған.

ҚР ҚМ ІМАК жүргізген аудиторлық іс-шаралар көлеміндегі қаржылық есептілік аудитінің орнын төмендегі кестеден көруге болады (1-кесте).

1-кесте

ҚР ҚМ ІМАК аудиторлық іс-шараларының 2020-2022 жж құрамы мен құрылымы

№	Аудиторлық іс-шаралар	2020 ж		2021 ж		2022 ж	
		саны	үлесі, %	Саны	үлесі, %	саны	үлесі, %
1	2	3	4	5	6	7	8
1	Сәйкестік аудиті	1	50,0	8	88,1	4	80,0
2	Қаржылық есептілік аудиті	1	50,0	1	11,1	1	20,0
Барлығы		2	100,0	9	100,0	5	100,0
Ескерту – ҚР ҚМ ІМАК ақпараттарының негізінде авторлармен құрылған [1]							

1-кестеде келтірілген мәліметтерден көріп отырғанымыздай, ІМАК жыл сайын тұрақты түрде бір қаржылық қаржылық есептілік аудитін жүргізеді. Бұл жерде, оның үлес салмағының сәйкестік аудитіне қарағанда едәуір төмендігіне қарамастан, олардың ауқымдылығын есепке алу қажет. Мысалы, 2020 жылы бір іс-шара шеңберінде 15 орталық мемлекеттік орган, 2021 жылы 13 орталық мемлекеттік органдар қамтылған. 2022 жылы комитет 11 орталық мемлекеттік органда қаржылық есептілік аудитін жүзеге асыруды жоспарлаған. Біздің зерттеулеріміз, аудиттелетін министрліктер тәуекелдердің жоғары және орташа топқа жатқызылуына байланысты негізде таңдалынып, мемлекеттік аудит тізбесіне енгізілетінін айғақтады. Сондай-ақ, қаржылық есептілік аудитін жүргізу үшін бюджеттік бағдарламалар әкімшілері баланс валютасы көлемінің маңыздылық деңгейі бойынша іріктелді. Тиісті жылға арналған мемлекеттік аудит объектілерінің тізбелерін қалыптастыру кезінде құқық қорғау органдарының, арнаулы басқа мемлекеттік органдардың ұсыныстары қаралып, есепке алынады.

2018-2020 жылдары мемлекеттік аудит объектілері жол берген бұзушылықтардың құрамы мен құрылымын талдау 2-кестеде келтірілген.

Қаржылық бұзушылықтар сомасы зерттелетін кезең басында аз сома көрсетілгенімен, 2019 және 2020 жылы бұл көрсеткіш өскен. Біздің зерттеулеріміз, жылдан жылға қаржылық бұзушылықтар сомасының өсуінің негізгі себептері аудит объектілерінің қаржы инвестицияларының сомаларын дұрыс көрсетпеу және дұрыс есепке алмау, активтерді дұрыс жіктемеу, операцияларды бухгалтерлік есепте уақтылы көрсетпеу, дебиторлық берешекті қайтару жөніндегі шараларды қабылдамау және мемлекет активтерін тиімсіз пайдалану екенін көрсетті.

Жалпы алғанда, жол берілген жалпы бұзушылықтардың себебі аудит объектілерінде қаржы тәртібінің жеткіліксіз деңгейі болып табылады.

2-кесте


ҚР ҚМ ІМАК 2018-2020 жж анықталған бұзушылықтардың құрамы мен құрылымы

№	Көрсеткіштердің атауы	2018 ж	2019 ж
---	-----------------------	--------	--------

		млрд.тг	%	млрд.тг	%
1	2	3	4	5	6
1	Анықталған бұзушылықтардың жалпы сомасы	221,5	100,0	30289,9	100,0
1.1	Қаржылық бұзушылықтардың сомасы	17,7	8,0	10442,9	34,5
1.2	Рәсімдік сипаттағы бұзушылықтар сомасы	203,8	92,0	19847,0	65,5
Ескерту – ҚР ҚМ ІМАК ақпараттарының негізінде авторлармен құрылған					

Бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің төмен қаржылық тәртібінің көптеген себептерінің негізгісі қаржы-шаруашылық қызметі кезіндегі ішкі бақылау жүйесі мен ішкі процестер тиімділігінің жеткіліксіздігі. Комитет анықтаған қателер мен ауытқулар ішкі бақылау тетіктерінің тиімсіздігін көрсетеді.

Қаржылық бұзушылықтардың бюджет жүйесі принциптері бойынша қағидаларын бұзу құрылымындағы ең үлкен үлес бюджеттік жүйенің негізділік қағидатын бұзу болып табылады, екінші орын жауапкершілік қағидатын бұзу, ал үшінші орында нәтижелілік қағидатын бұзу болып тұр. (1-сурет).



1-сурет. ҚР ҚМ ІМАК анықталған қаржылық бұзушылықтардың бюджет жүйесі принциптері бойынша 2019-2020 жж құрылымы мен динамикасы

Негізділік қағидатын бұзудың өсуі мемлекеттік аудит объектілерінің бюджет қаражатының көлемін жоспарлауының және пайдалануының негізсіздігін айғақтайды.

Есепті кезеңде жүргізілген аудиторлық іс-шаралардың қорытындылары бойынша тиімділік қағидатын бұзушылықтар анықталған жоқ. Ал

жауапкершілік қағидатын бұзу жылдан жылға ұлғайса, нәтижелілік қағидатын бұзу керісінше үлесі айтарлықтай азайған.

«Қаржылық бақылау – мемлекеттік аудит барысында анықталған бұзушылықтарды жоюға бағытталған қызмет» - екені баршаға мәлім. [3]. Қаржылық бақылауды ІМАК құзыреті шегінде бюджетке өтеуді, жұмыстарды орындау, қызметтер көрсету, тауарлар беру және анықталған бұзушылықтар сомасын есепке алу бойынша көрсету, нұсқамаларды орындау және кінәлі адамдарды жауаптылыққа тарту жолымен қалпына келтіруді қамтамасыз ету арқылы жүзеге асырады. Біздің зерттеулеріміз, комитет өзіне жүктелген құзыреттіліктерді толығымен пайдаланатынын көрсетті (3-кесте).

3-кесте

ҚР ҚМ ІМАК қаржылық бақылауды жүзеге асыру жолдарының 2020 ж құрамы мен құрылымы

№	Қаржылық бақылауды жүзеге асыру жолдары	2020 ж	
		сомасы, млрд.тг	үлесі, %
1	2	5	6
1	Бюджетке өтелгені	11,7	4,94
2	Бюджеттік қаражат қайтарылып алынды	15,1	6,38
3	Қалпына келтірілген жұмыстар	55,9	23,61
4	Көрсетілген қызметтер	54,5	23,02
5	Жеткізілген тауарлар	0,4	0,17
6	Бухгалтерлік қателіктер жойылды	99,2	41,89
Барлығы		236,7	100,0
Ескерту – ҚР ҚМ ІМАК ақпараттарының негізінде авторлармен құрылған [2]			

ҚР ҚМ ІМАК қаржылық есептілік аудиті бойынша нақты қолданған шараларын келесі кестеден көруге болады (4-кесте)

Біз мақаланың шектеулі көлеміне байланысты тек нұсқамаларды орындау және кінәлі адамдарды жауаптылыққа тарту жолымен қалпына келтіруді талдап өтеміз. Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілікті жүргізуді бұзу немесе жүргізуден жалтару, қаржылық есептіліктің бұрмаланғаны үшін аудит объектісінің лауазымды тұлғалары әкімшілік жауапкершілікке тартылады. Оларға анықталған бұзушылықтарды жою және кейінгі жұмыстарда бұзушылықтарға жол бермеу, ҚР заңнамаларының талаптарын сақтау бойынша нұсқама жіберіледі.

4-кесте

ҚР ҚМ ІМАК қаржылық есептілік аудиті бойынша 2018-2020 жж ден қою шараларының құрамы мен құрылымы

№	Қаржылық бақылауды жүзеге асыру жолдары	2018ж		2019ж		2020ж	
		саны	үлесі	саны	үлесі,	саны	үлесі,

			,%		%		%
1	Анықталған бұзушылықтарды және оларға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жоюға бағытталған нұсқамалардың саны (барлық нұсқамалар соның ішінде) – барлығы олардың ішінде:	156	100,0	524	100,0	54	100,0
1.1	орындалды, саны	145	93,0	484	92,4	46	85,2
2	Құқық қорғау органдарына берілген бақылау материалдарының саны - барлығы олардың арасында:	16	100,0	25	100,0	4	100,0
2.1	қылмыстық іс қозғалды	1	6,25	8	32,0	0	0
2.2	іс қозғаудан бас тартылды	0	0	7	28,0	0	0
2.3	қарауда	0	0	0	0	0	0
3	Әкімшілік жаза қолдану туралы хаттамалар саны	160	100,0	508	100,0	62	100,0
3.1	әкімшілік жауапкершілікке тартылатын аудит объектілерінің лауазымды тұлғаларының саны	113	70,7	450	88,6	57	92,0
4	Бақылау қорытындысы бойынша тәртіптік жауапкершілікке тартылған адамдар саны	185	100,0	507	100,0	44	100,0
4.1	атқаратын қызметінен босатылды	1	0,54	0	0	0	0
Барлығы		517	100	1564	100	164	100
Ескерту – ҚР ҚМ ІМАК ақпараттарының негізінде авторлармен құрылған [2]							

Жүргізілген зерттеулеріміз негізінде, қаржылық есептілік аудитін дамытудың негізгі бағыттарының бірі - электронды аудитке бағытталған қаржылық есептілік аудитінің жүйесін енгізу деп санаймыз.

Электрондық қаржылық есептілікке көшу оны мемлекеттік аудит объектілеріне шықпай-ақ жүргізуге мүмкіндік береді. Электрондық аудитке толық көшу үшін, әрине электрондық бухгалтерияны құру қажет (сурет 2).



2-сурет. Электрондық бухгалтерлік есепті енгізу

Бұл жерде күтілетін нәтижелер:

- ҚР Үкіметі мен Есеп комитеті есебіне аудиттелген шоғырландырылған қаржылық есептілікті ҚР Парламентке ұсыну;
- РББӘ ШҚЕ бұрмалануына жол бермеу бойынша ден қою шараларын қабылдау.

Яғни, қазіргі кезеңде Қазақстанда мемлекеттік аудит жүйесін дамытудың басым үрдістері болып үлкен деректермен жұмыс істеу, үздіксіз аудит технологияларына көшу, жаппай цифрлық интеграция болып табылады.

Әдебиеттер:

1. ҚР ҚМ ІМАК 2020-2022 жж мемлекеттік аудит объектілерінің тізбесі - <https://www.gov.kz/memleket/entities/kvga/documents/1?activities=7886&lang=kk>
2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің ресми сайты - <https://www.gov.kz/memleket/entities/kvga?lang=kk>
3. Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы" 2015 жылғы 12 қарашадағы № 392-V Заңы [Электрон. ресурс]. – URL: <http://adilet.zan.kz/rus/docs/Z1500000392>

ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ САЛАСЫНДАҒЫ ТИІМДІЛІК АУДИТІ

Аманбай М.

«Мемлекеттік аудит» мамандығының 1 курс магистранты

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,

Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан Республикасы

Е-mail: marzhan.amanbaikyzy@mail.ru

Ғылыми жетекшісі: **Бейсенова Л.З.**, э.ғ.к., қауымдастырылған профессор